

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 сәуірдегі № 133 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 мамырда № 4144 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 233 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің 27.08.2018 № 233 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Махамбет аудандық Аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 08/82 ұсынысы негізінде, Махамбет ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Махамбет ауылдық округі Махамбет ауылы, Қазыбек би көшесі бойынша № 69 үй аумағында иттер арасында құтырық ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Махамбет аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімінің уақытша
міндетін атқарушы

М. Баймишев

КЕЛІСІЛДІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының "Махамбет аудандық
орталық ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының директоры
"26" сәуір 2018 жыл

Е. Сүйеуғалиев

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Қоғамдық
Денсаулық сақтау комитеті Атырау
Облысы Қоғамдық денсаулық сақтау
Департаментінің Махамбет
аудандық қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
"26" сәуір 2018 жыл

Л.Мамаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК